

Ауылда шешімін таппаған мәселе жеткілікті



Жақында ҚР Парламент депутаты, Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Кенжеғали САҒАДИЕВ мырза Үкімет басшысы Даниал АХМЕТОВТЫҢ қабылдауында болып, бірқатар ауқымды мәселелерді көтерген болатын. Еліміздің ауыл шаруашылығында, сондай-ақ Қостанай облысының бірқатар аудандарында туындап отырған проблемалар осы кездесудің езекті проблемаларының қатарынан табылған еді. Үкімет басшысы алдында депутат көтеріп отырған осы мәселелермен оқырмандарды кеңірек таныстыру

мақсатында Кенжеғали Әбенұлының атына өз сауалымызды жолдаған едік.

1. Кенжеғали Әбенұлы, Қостанай облысының кейбір аудандары мен Арқалық қаласында туындап отырған мәселелерге кеңірек тоқталып өтсеңіз...
2. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты кеңейтесті мәселелер де кездесу барысында кеңінен айтылды. Осы тұста «Еліміздің ауыл шаруашылығы аталмыш сауда ұйымына кіруге дайын ба?» деген сұрақ аясындағы жауабыңызды естігіміз келеді.

1. Үкімет басшысы Даниал Кенжеғайұлы Ахметовпен болған кездесуде бірнеше мәселелер көтерілді. Соның ішінде Қостанай облысының оңтүстік өңіріндегі ел тұрмысы, дәлірек айтқанда, Жангелді, Амангелді аудандарының, Арқалық қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайлары туралы пікір алысқан болатын.

Аталмыш аудандар мен қаланың тұрмыс дәрежесі төмен, көптеген қордаланып қалған проблемалар жеткілікті. Оларды шешу, түзеу мемлекет тарапынан да, сол елді өңірдің тұрғындарынан да тиянақты шаралар белгілеп, пәрменді іс-қимылды талап етеді.

Жангелді, Амангелді аудандары Қостанай облысының ең қиыр шетінде. Олардың көптеген елді мекендері облыс орталығынан 400-600 шақырым қашықтықта жатыр. Темір жол торабы да олардан шалғайда. Сондықтан да жол қатынасы қиын, басқа жерлерден келген тұтыныс бұйымдары бұл өңірге ең кемі 20-30 пайыз қымбаттап келеді. Аудан ішінде де дұрыс қатынас жолдары жоқ. Қыста елді мекендердің бір-бірімен қатынасы тоқтап қалады десе артық айтқандық емес. Сондықтан да кейбір ауруларға жедел көмек керек болғанда оларды аудан орталығына ұшақпен тасиды.

Ел көшні жатыр. Әсіресе, кеше ел басына түскен тығырық кезінде аудан тұрғындарының үштен біріне дейін басқа жаққа көшіп кетті. Өңір тұрғындарының негізгі кәсібі - мал өсіру. Мал басы бір заманда күрт түсіп кетті, оны бұрынғы қалыпқа келтіруге әлі көптеген жылдар керек.

Аталмыш аудандарда мектептердің материалдық базасы өте төмен. Көптеген мектептерде тиісті оқу құрал-жабдықтары жоқ. Компьютерлік білім жүйесі, оны интернетке қосу мәселелері де дұрыс қолға алынбаған. Өйткені, оларда, әсіресе, Жангелді ауданында барлық елді мекендерді қамтитын сапалы байланыс жүйесі жоқ. Ауыл жастарын шағын және орта бизнеске бейімдеуге арналған кәсіби-техникалық оқу орындары қалыптаспаған, жұмыссыздық осы аудандарда айрықша орын алып отыр.

Емханалар, халықтың денсаулығын сақтау жүйесі де бұл өңірде дұрыс дамымаған. Көптеген елді мекендерде тиісті дәрежеде дәрігерлік көмек беретін орындар жоқ деп айтсақ та болады. Ауыз судың тапшылығы, алыстан су тартатын желлер тек қана ауылдарда емес, аудан орталығында да жүйеленбеген. Жергі-

лікті халықтың денсаулығына келетін нұқсандар себебінің бірі осы.

Айта берсең осы екі ауданның мұң-мұқтажы көп, экономикасы төмен, әлеуметтік жағдайы тінтен нашар. Сондықтан да тек қана облыс тарапынан емес, мемлекеттік деңгейде де осы аудандардың жаңаруына, жаңғыруына көптеген көмек, демеу мәселелері мәртебелі Үкімет басшысымен пікір алысудың арқауы болды.

Енді Арқалық қаласына келер болсақ, мұндағы ауыр жағдай туралы пікірлер баспасөз бетінде көптен айтылып жүр. Бір кезде облыс орталығы болып, жақсы дамып келе жатқан қала облыс жабылғаннан кейін құлдырай бастады. Тұрғындарының көбі қоныс аударып кетті. Қаладағы бірнеше шағын аудандар үйлерінің есік терезесі үңдейін, иесіз бос тұр. Сұрапыл соғыс жылдарында да мұндай жаппай көшу, босу болмаған шығар. Кәсіпорындар жабылып, тұрғындардың тіршілік тиынысы болатын мекемелер қысқартылып, аумағы шағындалып қалды. Жұмыссыздық мольнан орын алды. Соңғы кездерде Арқалық қайтадан бой көтере бастаған сияқты. Бірақ әлеуметтік-экономикалық жағдайы әлі де төмен, ауыр десек те артық емес. Осыған байланысты жолға қоятып негізгі мәселе - Арқалықтың кәсіпорындарын жаңарту, бизнестің қала аумағындағы тиімді түрлерін ойластыру, әсіресе, шағын және орта бизнеске бағытталған ұйымдарды орайластырып, олардың тиімді шаруа жүйелерін үйлестіру, реттеу. Сонымен қатар, бүгінгі таңда қаланың жан-жағындағы аудандардың басын біріктіріп, осы өңірдің мәдени-әлеу-

меттік орталығын жасаудың да реті зор. Қостанай, Астана басқа қалалар бұл өңірлерден тым қашықта. Жақын қала саналатын Арқалық осы аймақтың тұрғындары үшін заман талабына сәйкес емхана, білім беру орындары, мәдени, әлеуметтік ошақтары бар орталық болуға ыңғайлы.

Осындай көкейкесті мәселелер ойымызда жүреді, соларға Үкімет басшысының назарын аударуды өзіме парыз деп санадым. Тікелей ұсыныстар да айтылды. Үкімет тарапынан да оларды қолдау нышаны байқалды. Ал енді олардың қалай шешілетіні уақыт өзі көрсете жатар.

2. Премьер-министрмен кездесу барысында Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселелері де көтерілді. Аталмыш ұжымға кіру мәселесі, оның мерзімі Қазақстан үшін өте бір жауапты кезең болып тұр. Өйткені, бізге қоятын ДСҰ-ның талабы зор. Сондықтан да заң жүйесінде де, жалпы экономиканы ырықтандыру үрдісінде де жауапты әрі оңай емес шешім қабылдауымыз керек. Бір жағынан өркениетті, жақсы қалыптасқан, жан-жақты реттелген өлемдегі сауда шаһарына енгізіліп келеді. Әрине, дайындығымызда олқылықтар бар. Алайда, оған біз кінәлі емеспіз, уақыт кінәлі. Өйткені, асықпай ұзақ уақыт дайындалудың сауда керуені күтпейтін түрі бар және уақыт озған сайын ұжымға мүшелік талабы күрделене түседі. «Бұл ұйымға қашан кіреміз?» деген сұрақ басты ауыртатыны рас. Ресей, Украина, Сауд Арабиясы, тағы басқа біршама елдер осы жылдың аяғында аталған ұйымға мүше болады. Біз не істейміз, олармен бірге кіруге талпынамыз ба, әлде өңімінен кейінге қал-

дырамыз ба? Сыртқы саудадағы негізгі әріптесіміз Ресейден кейін қалып қойған бізге қандай әсерін тигізеді? Міне, осы мәселелер Премьер басқарған ведомстволарлық мемлекеттік комиссияда қаралып, дұрыс шешімін табу керек.

«Еліміздің ауыл шаруашылығы аталмыш сауда ұйымына кіруге дайын ба?» деген сұрақ баспасөз бетінде жиі көтеріліп жүр. Ол сұрақ, әрине, тегін емес. Өйткені, ең осал жеріміз - әлі артта қалып отырған шаруашылық саласы. Кейінгі үш жылда мәртебелі Президентіміздің тікелей қолдауымен ауылға миллиардтаған қаржы бөлініп, демеу жасалынып жатыр. Біраз жақсы өзгерістер көріне бастады. Дегенмен, біздің ауылда шығаратын өнімдеріміздің өзіндік құны өте жоғары, жұмыстың тиімділігі (производительность труда) өте төмен. Дамыған елдерде ауылдағы 1 адамның жұмысын біздің 5 адамымыз атқарады. Олардың бір сиырының берген сүтін біздің 3 сиырымыз әрең береді. Шетелдің әр гектарынан алатын дақылдар түсімі біздегіден 3-4 есе көп. Міне, осындай жағдайлар біздің ауыл шаруашылығы шығаратын өнімдердің өзіндік құнын арттырып, бәсекелестік қабілеттілігін төмендетіп тұр. Сондықтан да ДСҰ-ға кіру дайындығымызда бірдең-бір қолға алатын мәселелер нағыз осылар. Ауыл техникалары мен технологияларының жаңа да жоғары тиімді түрлерін енгізу, пайдалану, асыл тұқымды мал өсіру, түсімі мол дәнді-дақылдар пайдалану, шаруашылықтың тиімді жүйелерін қалыптастыру - біздің бүгінгі істеп жатқан шараларымыз. Олар-

дың маңызы одан әрі арта береді де. Бұл үлкен табандылықпен, ұзақ уақыт қажымай-талмай шешуді талап ететін проблемалар.

Ауыл экономикасын дамытудың үш жылдық мемлекеттік бағдарламасы биыл бітеді. Бірақ ауыл әлі жақсы көтеріліп кеткен жоқ. Осындай демеуді жалғастыру Қазақстан ауылына келешекте де ауадай қажет. Ал ДСҰ-ға кіру туралы келіссөздер жүргізіп жатқан мемлекеттер бізден осындай мемлекет тарапынан ауылға жасалатын демеуді күрт шектеуді тіпті тоқтатуды талап етеді. Келіссөз барысында осыған келіспей, өз тарапымыздан табандылық көрсететін жағдайдың бірі осы. Сонымен қатар, ауылды демеудің басқа да тиімді жолдарын іздестіріміз қажет. Мүмкін, негізі көмекті ауыл өнімдерін жөндеу саласына салармыз. Әрине, лизинг арқылы ауылды жаңа техникамен жарақтаудың да үлкен маңызы бар. Менің байқауымша, Үкімет және Ауыл шаруашылығы министрлігі осы жағдайды түсінеді, әр түрлі шаралар қарастырып та жатыр.

Айта кететін бір жайт - еліміз ауыл шаруашылық өнімдерін шетелдерге шығарып, сату мәселесі. Алла Тағала бізге кең сахараны сыйға тартты. Өз жерімізде көп астық жинап, мыңғырған мал өсіруімізге толық мүмкіндік бар. Шетелмен сауда-саттықтың үлкен бір көлемі осы ауыл шаруашылығы өнімдері. Оның терең өңделген түрлері болуы керек. Ұлттық байлықтың сарқылмас көрінісінің бірі осы. Ал енді байлықты шетелдерге шығарып, үлгірту, осы өнімдердің сапасына, оны анықтайтын құралдардың, құжаттардың дүниежүзілік стандарт-

қа сәйкес болуына байланысты. Осы жағынан да бізде істелінбей жатқан жұмыстар аз емес. Тек жоғары сапа ғана біздің өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды, арттырады. Қазір де, болашақта да тынбай шешуін іздейтін, мемлекет назарынан ешқашан тыс қалдырмайтын күрделі мәселенің бірі де осы. Ауыл өнімдерінің сапасын көтеру мәселелері ешқашан күн тәртібінен түспеуі тиіс.

ДСҰ-ның ауыл өнімдерінің саудасына қоятын талаптары жан-жақты және күрделі де. Осы талапқа ауыл экономикасын сәйкестендіру үшін уақыт керек. ДСҰ ережесінде «өтпелі кезең» деген ұғым бар. Ол жаңа мүшелердің аталмыш ұжым талабына сәйкес болуы үшін істелетін іс-шараларға берілетін мерзім. Ұжым құрамына кейін өткен мемлекеттерге мұндай мерзім берілмей жүр. Біздің Үкімет осындай мерзімді ұжым мүшелерінен талап етуде. Сондай-ақ, осы тұрғыда табандылық көрсетіп отыр. Бұған қарсыластар да аз емес. Мысалы, Керн тобы (Австралия, Жаңа Зеландия, Канада т.б.) кейбір басқа мемлекеттер.

Қорыта айтқанда, оңай шешіліп жатқан мәселе аз. Дамыған елдер тарапынан сенің еліңнің жағдайын толық ескермей, тек өз мүдделерін нысанаға алып келіссөздер жүргізетін мемлекеттер бар. Дегенмен, келіссөзге қатынасып жүрген Қазақстан азаматтарының білімі мен біліктілігі, еліне жаны аштыңдығы, өлем экономикасы мен сауда жүйесінің сыры мен сиқырын жақсы түсінетіндіктері (олар осыларды көрсетіп отыр) болашақ келісімдерде үлкен нәтиже береді деген үміттеміз.